

Құрылыс объектісін ерекше реттеуді және (немесе) қала құрылысы регламенттеу талап ететін объектілерге жатқызу туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2024 жылғы 31 тамыздағы № 313 бұйрығы

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 4-1-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Астана қаласындағы перинаталдық орталықтың құрылысы" құрылыс объектісі ерекше реттеуді және (немесе) қала құрылысы регламенттеу талап ететін объектілерге жатқызылсын.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялады;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қ. Шарлапаев